

**ИЕМІЗБЕН
КЕЗДЕСКЕН
АДАМДАР**

Еммаус кітабы

ЕММАУС КУРСТАРЫ

Киелі кітапты хат арқылы сырттай оқып-үйренуге арналған Еммаус курстарына енді Орталық Азияда да жазылуға болады. Киелі кітапты оқып - білу үшін Еммаус курстарын қолданып жатқан миллиондаған адамдардың қатарына сіз де қосылыңыз.

ШОЛУ

- ▲ Еммаус курстарының негізі 1942 жылы Канадада қаланды.
- ▲ Олар әлемнің 105 елінде, 125 тілде оқылады.
- ▲ Дүние жүзі бойынша 17 миллионнан астам оқулық таратылды.

Бұл курстарды әртүрлі жолдармен қолдануға болады:

- ▲ жеке басы оқып-үйрену
- ▲ топпен оқып-үйрену
- ▲ үй қауымында оқып-үйрену
- ▲ бір оқушы - бір тәлімгер болып оқып-үйрену
- ▲ түрмедегі топтарда оқып-үйрену
- ▲ және т.б.

Еммаус курстарына әртүрлі адамдар жазыла алады, мысалы:

- ▲ студенттер
- ▲ жұмыскерлер
- ▲ кәсіби мамандар
- ▲ үй шаруасындағы әйелдер
- ▲ зейнеткерлер

- ▲ жастар
- ▲ және т.б.

Әрбір оқулыққа тексеру дәптері қоса беріледі. Оқулық он екі сабақ пен тексеру жұмысынан тұрады. Әрбір тексеру дәптерінде оқылған тақырып бойынша жауаптар берілуге тиісті 12 сұрақ бар.

Жауаптар қажетінше түзетіліп, оқып-үйренушіге кері қайтарылады.

Мына мекенжаймен байланысыңыз:

Шығыс сәулесі

«Еммаус»

Қазақстан Республикасы

Алматы қаласы 050031, а/ж 68

www.emmaus-ca.net

e-mail: emmaus.ca@eemail.org

ОҚЫРМАНДАРҒА АРНАЛҒАН КІРІСПЕ СӨЗ

Бұл ежелде болған оқиға. Исаның бізге ұқсап адам тәнінде осында, жер бетінде өмір сүргенін көз алдымызға елестету оңай емес. Исамен кездескен адамдар дәл біз сияқты өзіндік үміттері мен күткендері, уайым-қайғылары, кемшіліктері мен жақсы жақтары да бар шынайы адамдар болатын.

Иса адам денесіндегі Құдай болғандықтан осы дүниелік өмір жолында Онымен кездесудің жақсы не жаман, баюға не кедейленуге, уақытша немесе мәңгілікке әсер ететін салдарлары бар.

Осы мәселені қарастыру үшін біз Иеміз Мәсіхтің өліміне қатысты оқиғада Онымен кездескен алты адамды ғана таңдап алдық. Осы қымбатты да ұмытылмас сәтте сол адамдар қалай әрекеттенді? Кейбіреулері Оған қарсы шықса, басқалары Исаны батылдықпен ашық жақтады. Солардың көрсеткен үлгісін жүректерімізге қабылдау үшін олардың айтқандары мен істегендері біздер үшін жарым-жартылай жазылып қалдырылған.

Біздің өмір жолымыз да сол Исаның жолымен қиыласады. Сіздің көз алдыңызда осы кітапты ұстауыңыздың өзі дәл осы сәтте сіздің де ұлы кездесудің алдында тұрғаныңызды көрсетеді. Сонымен, алға батыл қадам басыңыз! Осы алты адамға берілген қысқаша суреттемеге қараңыз. Олардың үшеуі Иеміздің шақыруына жауап бергендіктен мәңгілік жарылқауды мұраласа, басқа үш адам солай етпегендеріне кейінірек қатты өкінді. Осы тақырыпты оқып-үйрену барысында өзіңізден: «Құдай маған осы материал арқылы не туралы айтып тұр?» деп қайта-қайта сұраңыз.

ТАРАУДЫ ҚАЛАЙ ОҚУ ҚАЖЕТ

Оқуды Құдайға мінажат етуден бастаңыз. Одан Өзінің Сөзінде үйрететін ақиқаттарын қабылдауға жүрегіңізді ашуын сұраңыз. Кем дегенде тарауды басынан аяғына дейін екі рет оқып шығыңыз. Бірінші рет онда не айтылғаны туралы жалпы мәлімет алу үшін, екінші рет асықпай Киелі кітаптан берілген сілтемелер мен ескертулердің бәрін қарастырып мұқият оқып шығыңыз.

ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Әрбір тексеру жұмысы екі тараудың материалдарын қамтиды. (№1 тексеру жұмысы 1-2 тарауларды қамтиды). Әрбір тексеру жұмысында қай сұрақтардың қай тарауға қатысты екендігі айқын көрсетілген. Сіз тексеру жұмысын екі кезеңмен істей аласыз. Бірінші тараудың тапсырмасын орындағаннан кейін, тексеру жұмысының осы тарауға қатысты бөлігін орындауға кірісе аласыз.

1. Ой-толғантуға арналған сұрақтар және жекелей оқып-зерттеу

Бірқатар тексеру жұмыстары сіздің Киелі кітапты өз бетіңізбен оқып-үйренуіңізді көздеген сұрақтарды да қамтиды. Осындай сұрақтарға жауап беру үшін Киелі кітапты қолдана аласыз. Олар анық белгіленген.

2. «БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?» іспетті сұрақтар

Мұндағы сұрақтар факультатив сұрақтар, оның жауаптары жалпы бағаланбайды. Оған өз пікіріңізді ашық айта аласыз. Берген жауаптарыңыз нұсқаушының сізді жақсырақ түсінуіне және жеке тұлға ретінде өзіңізбен жақынырақ танысуға көмектеседі. Олар сондай-ақ

материалдың жалпы тиімділігін бағалауға да көмектеседі.

3. Жұмысыңыз қалай тексеріледі

Егер берілген жауаптардың арасынан қателері табылса, нұсқаушы жұмыс дәптеріне белгі қояды. Дұрыс жауапты қайдан табуға болатыны жайлы Киелі кітапқа немесе оқулыққа сілтеме жасалады. Сізге соларды оқып шығу қажет.

ТОПТАҒЫ ІС-ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСУ

Егер сіз топта оқитын болсаңыз, жұмыс дәптеріңізді топ старостасына тапсырыңыз. Ол соларды салып жібереді.

ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

Егер сіз жекелей оқысаңыз, оқуды кейінге қалдырмаңыз. Егер топта оқитын болсаңыз, топтағы сабақ басталысымен-ақ оқуға кірісіңіз. Тұрақты оқу кестесін ұстануға тырысыңыз.

Тақырыпқа арналған Киелі кітаптан үзінділер: **Лұқа 23:32-43**

ӨЛІМШІ ҚАРАҚШЫ

Таңертеңгі тоғыз шамасында олар белгісіз бір яһудиді айқышқа керіп шегелеп, көтеріп қойды. Ол қатты айқайлап, аласұра қарсыласып, боқтық сөздерді қардай жаудырды. Оның бас жағына істеген қылмыстарының тізімі жазылған тақтайшаны қағып қойып, өзін өлімге тастап кетті. Бұл тоғыздар шамасында болды. Өзінің өлген күні, күн тас төбеге шыққанға дейін осы айқышқа керіліп шегеленген зұлым адам құтқарылуға ие болды. Ол Маңдайтөбеде сенімге келген алғашқы адам еді. Сол күні кешкі бес-алтылар шамасында жасақшылар келіп оның аяқтарын сындырып кетті. Оның азапталып, зақымданған денесі бүкіл салмағымен айқышқа шегеленген қолдарында салбырап ілініп тұрды, соның нәтижесінде ол жүрегі жарылып өлген еді. Оның жаны мәңгілікке ұшып кетті, өйткені ол құтқарылған болатын.

Әрбір адам қалайша құтқарылуға тиіс болса, ол да солай құтқарылды. Осы жайлы бір сәт ойланып көріңізші! Ол сенушілер жиналыстарына барғаны арқасында күнәларынан құтқарылған жоқ. Ол Киелі кітапты оқығаны, не ізгі іс-әрекеттер жасағаны, не еш кінәратсыз таза өмір сүргені үшін құтқарылған жоқ. Өткен күнәкар өмірінен бас тартып, жаңа өмір бастағалы үшін де құтқарылған жоқ. Оның құтқарылуына суға шомылдыру рәсімі мен ізгі істердің де еш қатысы болмады. Тек оның жай сенімі мен Иеміз Мәсіх Исаға жасаған өтініші ғана оның құтқарылуына себеп болды.

ОЛ ӨЛІМШІ ХАЛДЕ БОЛАТЫН

Біз бұл адаммен алғаш кездескен кезде өлім оған жетіп, аяғынан жан кетіп мұздап жатқан болатын. Денесінен аққан қанның әрбір тамшысы сайын ол әлсірей түсті. Денесін жапқан бу күйдіріп тұрған күннің ыстығынан емес болатын.

Өлімге жақындай түскен сайын ол ауыр да жаман жүктей өзін басып тұрған күнәсі жайлы және өзіне жасалған үкімнің әділдігі туралы көбірек ойлай түсті. Қасындағы қылмыскерге: «Біздің үкіміміз әділ, істерімізге лайық жаза тартамыз», - деді. Бұл адамның қоғамға қарсы жасаған зұлымдықтары мықты қолмен жазылып, оның айқышына шегеленді. Ал оның жеке, жасырын күнәлары жөнінде не айтуға болады? Оның жасаған қылмыстары және ол істеуге тиісті болған, бірақ ешқашан орындамаған игі істері ше? «Өлім тудыратын «улы тіс» күнә, ал күнә өз күшін заңнан алады» (Қор1 15:56).

Бұл адам өлім құшағына еніп бара жатты, бірақ біздер де өлеміз. Біз осы өмірде өлімге қарай біртіндеп, ұдайы қозғаламыз. Бұл туралы ойламау үшін осы бір ұнамсыз да жанымызды қинайтын ойды өзімізден қуамыз. Мұны шындық деп қабылдаудан қорқып, түйеқұсқа ұқсап басымызды құмға жасырамыз. Өлім туралы ойдың өзі біздің жанымызды түршіктіріп, оны санамыздан жоюға тырысамыз, бірақ әйтсе де мұның маңыздылығы өзінің өткірлігімен қажеттігін жоймайды. Өзіміздің күнәкар екендігіміз себепті біз біртіндеп өлеміз. Біз бұл туралы ойдан да бас тартамыз, алайда бұл да өлімнің өзі сияқты нақты да шынайы. Құдай бізге: «Күнәнің беретіні – өлім», – дейді (Рим 6:23). Біз бұл пікірді жоққа шығарсақ та, не оған немкетті қарасақ та, бәрібір, одан ештеңе өзгермейді. Өлген қылмыскер бүкіл өмір бойы күнә жасады, ал өлім оны өз жағдайын ұғынуға мәжбүрледі, ол өлімнің улы тісін сезінді.

ОЛ БӘРІН ДЕ БАЙҚАДЫ

Біреу осы адам үшін Құдайға сиынған болса керек. Егер бірде-бір адам мінажат етпеген болса, онда біз ол үшін мұны Иса істеді деп нық сеніммен айта аламыз. Сол адамның айқышта аласұра арпалысқан, шөл мен қорқыныштан есі шыққан, денесінің адам төзгісіз қатты ауырғанынан азап шеккен және Мәсіхті балағаттап ұрысқан кезіне бір сәт көз салыңызшы.

Айқышта азап шекпес кезінен сәл бұрын Иса былай деп тәлім берді:

«Жауларыңды сүйіңдер, өздеріңді жек көретіндерге жақсылық жасаңдар, қарғыс айтқандарға рақым етіндер, масқаралағандар үшін мінажат етіндер». Иса әрдайым айтқандарын орындайтын. Айқышқа шегелегенде Өзіне азап шектіргендер үшін Құдайға сиынып, оларды кешіруін сұрады. Осыған байланысты сол өлімші қылмыскер Исаны балағаттаған сайын, Иеміз ол үшін көбірек мінажат ете түскеніне сене аламыз. Ақырында қарғыс осы өлімші адамның аузында тұрып қалды және оның көздерінде жаңа сәуле пайда болды.

Ол Исаға қарай бастады. Ол Құдайдың рухани Ұлының әлем-тапырақ болған бетіне қарады. Осы мейірімді жүзден ол киеліліктің, жан тыныштығы мен руханилықтың мөрін көрді. Көзін жоғары көтергенде қарғыстың белгісі болған тікендер қадалған шомырт шірді көрді. Одан да жоғарыда, бастың үстіңгі жанында айқышқа римдік жасақшылар бекітіп қойған тақтайшада «Бұл Яһудилердің Патшасы Иса» деп жазылған еді. Ол Мәсіхке неғұрлым ұзақ қараған сайын оның ойлары да байыпталып, жинақтала түсті. Мүмкін оның есіне бала күнінде үйренгендері, жаттап алған мына үзінді түскен шығар: «Алайда Құдайдың қызметшісі біздің күнәларымыз үшін түйреліп, біздің әділетсіз істеріміз үшін құртылды. Оның тартқан жазасы

бізге амандық пен тыныштық әкелді. Оның жараларының арқасында біз (рухани дертімізден) сауықтық ... Ол өз жанын айыпты өтейтін құрбандық етті ...» (Иш 53:5,10). Иса дәл осы оқиғаға меңзеді ме екен? Оның уәде етілген Мәсіхтің айқышқа шегеленіп көтерілуі туралы алдын ала айтқандары пайғамбарлық сөз болғаны ма? Ал ол бала кезінде білген Мұсаның ай далада жыланды көтеріп іліп қойғаны туралы оқиғаны қалай қарастырсақ екен? Жылан шағып, қандарына араласқан удан денелері ісінген исаилдіктер бағанға ілулі тұрған жыланға қарағанда тірі қалды емес пе? Ал егер ол Исаға қараса ше ... Содан ол көзін Исаға салды, Одан жаңа, керемет нұрды көргенге дейін көзін алмастан қарады.

Содан кейін ол Исаны тыңдай бастады. Оның «Әке, оларды кешіре гөр! Олар не істеп жатқандарын түсінбейді» дегенін ол есіне сақтады. Ол сондай-ақ басқа адамдардың Иса туралы айтқандарын да естіді: «Мынау басқаларды құтқарыпты. Егер Ол Мәсіх Құдайдың Таңдаулысы болса, енді Өзін құтқарып көрсін!» «Қазір-ақ айқыштан түссін! Сонда Оған сенеміз!» Ол Мәсіхтің дұшпандарының аузынан Ізгі хабардың сөздерін естіп, сенді! Исаның Исаил халқы ұзақ күткен Құдай уәде еткен Мәсіх екеніне сенді. Құдайдан қорықпайсың ба? Өзің де осыған кесілдің ғой. Біздің үкіміміз әділ, істерімізге лайық жаза тартып тұрмыз ...» деді ол қылмыскер серігіне. Ол Исаның айыпсыз екеніне әрі күнә жасамағанына сенді. «Ал Бұл еш жамандық істеген жоқ» деді ол. Ол Исаның өзін құтқара алатынына сенді. Ол «Иса, Патшалығыңызға кіргенде мені есіңізге ала көріңіз» деп өтінді. Ол өлімнің шекараларының арғы жағында Мәсіхтің Патшалығының жатқанына сенді. Және Иеміздің өлімнен қайта тіріліп, бірден Өзінің Патшалығына билік жүргізетініне күмәнсіз сенді. Сондай-ақ сол Патшалықта өзінің де бола алатынына сенді. Сонымен осы белгісіз қылмыскер мықты да керемет сенімге кенелді. Пауыл (Рим 10:9)

Исаны қалай Жаратқан Ием деп қабылдаса, ол да солай қабылдады.

Ал Мәсіхтің құлағына қылмыскердің дауысы ең тәтті әуендей болып естілгені күмәнсіз! Бұл адамда бізде бар мүмкіндіктің тілімдейі де жоқ болатын. Ол құтқарылу жолын оқып-үйреніп үйінде жұмсақ креслода отырған жоқ болатын. Оның айналасында Оның құтқарылуын аңсаған бірде-бір адам болмады, онда тіпті Інжіл шарифтің ең болмағанда бір беті де жоқ болатын. Жарақаттарының ауыруы жанына қатты батып тұрса да, Ол сенімді қабылдады, өйткені ол Исаға қарап, Оны тыңдап тұрды. Өмірдің соңғы шындықтарымен бетпе-бет келген ол ақырында Исаға өтінішін білдіріп, құтқарылуға ие болды.

ОЛ ҚҰТҚАРЫЛУҒА ИЕ БОЛДЫ

«Иеміздің атын атап Оған сиынған әркім құтқарылады» (Рим 10:13). «Иса, мені есіңізге ала көріңіз» дейді осы бейшара адам. Иеміз оның даусын естіп, сол бойда-ақ оған құтқарылуды сыйлады. Ешбір құрбандықсыз, төлемсіз, ізгі істерсіз немесе тағы басқа бір нәрсе арқылы емес, айқыштағы Мәсіхке деген қарапайым сенімге бола Құдай оны құтқарды. Егер сіз мұқтаждықпен Оны өзіңізге шақырсаңыз, дәл осылай Ол сізді де құтқарады.

Өлімші қылмыскер құтқарылуға ие болды және ол соған күмән келтірмеді. «Бүгін-ақ Менімен бірге жұмақта боласың!» Иеміздің оған берген жауабы осы болды. Онда тазалайтын орын жайлы айтылмаған күнәнің ласынан тазару үшін қажетті тазалайтын от жайлы тіпті тұспал да жоқ. «Оның рухани Ұлы Исаның төгілген қаны бізді барлық күнәларымыздан тазартады» (Жох1 1:7).

*«Шүкірлік құдіреті күшті Құдайға,
Құтқарылған жаным, Оны дәріптеп сыйла,*

*Күнәларымды менің Ол шегеледі айқышқа,
Тек біразын ғана емес, бар күнәларымды,
Иығымнан мені енді ауыр жүк баспайды,
Мен ерікті, бақыттымын, ақырында
Әкем мәңгілікке есік ашты маған айқара».*

Көп кешікпей күнәкарларды Құтқарушының өзі соңғы демін шығарды. Әлемнің нұры Мәсіхтің өлімі арқылы құтқарылуға ие болған алғашқы жанның жолына жарық түсіру үшін өлімнің қараңғы құшағына енді. Ол өлімнің түнерген суларының үстінде күтіп тұрды. Сол күні сағат төрт-бестің шамасында аяусыз қолдар өлімші қарақшының көріп жатқан азабын тоқтатты, сонда оның жаны мәңгілікке көтеріліп кетті. Алайда мәңгіліктің келесі жағында оны Иеміздің Өзі қарсылап алды. Өзінің түйрелген қолымен Ол оның түйрелген қолынан жетелеп, сол бейшара қылмыскерді жұмаққа кіргізді. Мұны періштелер Кімге бас иген болса Сол істеді. Сонда көктен ұлы Бағушының: «Жоғалған қойымды тауып алдым, қуанышына ортақ болыңдар!» деген жаңғырықтан даусы шықты.

Алайда Исамен бірге екі қылмыскердің айқышқа шегеленгенін ұмытпаңыз. Ешкім күдерін үзбеуі үшін солардың біреуі құтқарылуға ие болды. Ал екіншісі бірде-бір адам құтқарылу өзін-өзіне түсінікті нәрсе деп есептеу үшін өлді. Ол да сол Құтқарушының жанында бола тұра, тозаққа кетті. Сол бір көрініс тағы да қайталанды. Маңдайтөбеде айқышқа керіліп шегеленген Исаның алдына келу өз өміріндегі ең терең шыңыраудың екі жағының біреуінде тұру деген сөз. Сіз Маңдайтөбенің қай жағында тұрасыз? Күнәңізден құтқарылу үшін Иеміз Исаның атын сеніммен шақыратын боласыз ба? Немесе Одан бас тартып, Оның Бет алдынан мәңгілікке қашықтайсыз ба?

Таңдау жасау өзіңізде.

Тақырыпқа арналған Киелі кітаптан үзінділер: **Мат 27:33-54**

МӘСІХТІ АЙҚЫШҚА ШЕГЕЛЕГЕН АДАМ

Біз осы адам туралы өте аз білеміз. Оның аты-жөні, үй іші, жасы, ұлты туралы көп мәселе анық емес. Ол тобырдың арасындағы көп адамның біреуі. Біз оның Иса айқышқа керіліп шегеленген кезде Яһуди аймағында қызмет етіп жүрген құдіретті Рим әскерінің сардары, жүзбасы болғанын ғана білеміз. Ол Құдайдың рухани Ұлын айқышқа керіп шегелеуді басқарып, жүзеге асырды, сонысымен Оның ашық түрде масқаралануына жол берді.

Киелі кітаптан біз оқитын сардарлар адамдардың айрықша тобын құрады. Қапарнаум қаласында Мәсіхтің өзі сол қаланың әскери бөлімінің бастығының сенімін айрықша атап өтті. Италия полкінің сардары Корнилий Шимон Петірдің куәлігі арқылы Мәсіхке сенім артқан алғашқы өзге ұлттық адам болды. Август полкінің сардары Юлий Пауылға үлкен кешірім көрсетті. Мәсіхті айқышқа керіп, шегелеткен тағы бір жүзбасы да болды.

Өзі өлетін күні Мәсіх сенімге келген екі адамды тапты. Оның құтқарушы рақымы екі рет жауды: құтқарылғандар отбасына жатқызу үшін бірінші рет яһудиге, ал екінші рет өзге ұлттық жасақшыға. Біреуі Оны тілдеп балағаттаса, екіншісі Оны айқышқа керіп шегелеп қойды. Ал енді Маңдайтөбеге жақынырақ барып, өзге ұлттық жасақшының көзімен айқышқа шегелеу барысын бақылап көрелік. Оның жан дүниесінде үш керемет оқиға болды.

МӘСІХТІҢ АЙҚЫШҚА КЕРІЛІП ШЕГЕЛЕНУІ

Киелі Рух сол көріністі бүге-шігесіне дейін ашып көрсетпейді. Ол адамгершіліктен тыс қатыгездікпен адамды айқышқа шегелеу барысын суреттемейді. Бұл барлығына аян көрініс болатын. Сол кезде не болғанын көз алдымызға елестете аламыз: бір жағынан жылау, қарғыс сөздер, құтылуға тырысып баққан бейшараның қарсылығы болса, басқа жағынан сүргіленбеген ағашқа адам денесін тот басқан шегелермен қағып бекітіп жатқан дөрекі де қатыгез жәндеттер. Одан кейінгі айқышты тұрғызып қойған кездегі қатты дыбыс және оны арнайы сол үшін қазылып қойылған шұңқырға түсіріп, түбін бекіту. Қайнаған күн астында ұзаққа созылған, жан түршіктірген азапты сағаттар. Айқышқа шегеленгеннің азабына қарап улап-шулап, балағаттап көңіл көтерген халық тобырының көргені осы.

Міне, күнәкар дүние Құдайдың рухани Ұлына осыны істеді. Бұл дүние Оны айқышқа шегеледі және осы адам соны жүзеге асырды. Егер сіз оған сұрақ қойсаңыз, ол былай деп жауап берген болар еді: «Менің кінәм жоқ, мен бұл үшін жауап бермеймін. Шынында оны айқышқа шегелеген мен емес, мына адамдар. Менің кінәмді мына балағаттап, тілдеген діни қызметкерлердің кінәсімен салыстыруға да болмайды». Бірақ дерек өзгермейді, ол сол тобырмен бізге Құдайдың рухани Ұлын айқышқа керіп шегеледі.

Осы римдік жасақшыға қарағанда біз әлдеқайда ілгері дамыған заманда өмір сүрудеміз. Біз қолымызға ашық Киелі жазбаны ұстаймыз. Біз осы ауыр қылмысқа байланысты тарихтың үкімін білеміз. Киелі кітап бізге Өзінің рухани Ұлының өлімі арқылы Құдайдың бізге берген құтқаруына немкетті қарамауды ескертеді (Евр

2:3). Осы дүние өз үкімін шығарды. Сіз бен біз оны растауға немесе оған қарсы тұруға тиіспіз.

Құдайдың рухани Ұлын айқышқа шегелеген осы әлемде туылғандықтан біз сол шешімнің қабылданғанының жауапкершілігінен құтыла алмаймыз. Мәсіхтің айқышқа керіліп шегелеуі маңыздылығы ешқашан таусылмайтын оқиға. Ол осы күнәкар, айыпты әлемде дүниеге келген әрбір адамның соны жақтап немесе оған қарсы тұрғанын талап етеді. Құдай әрбір адамды соттайды. Сіз қай жақта тұрсыз? Исаның бейнесінде Құдай Өзі біздің планетамызға келіп, Өзінің жоспарын іске асырды. Ал бұл дүниенің Оған жауабы Одан азат болу, Одан ажырау болды. Бұл осы бүгінгі күндері де байқалады. Егер қолынан келсе бұл дүние Мәсіхті бүгін де айқышқа керіп шегелер еді. Сіздің оған деген көз қарасыңыз қандай?

ОЛ МӘСІХКЕ ҚАРАДЫ

Мәсіхті айқышқа шегелеуге қатынасуымыз бен сол үшін тағылған кінәмізден азат болудың алғашқы сатысы біздің сол оқиғаға бейқам, немқұрайды, парықсыз қарауымыздан құтылуға бағытталуға тиіс. Біз «күнәкарлардың соншама жауыздығына шыдаған» (Евр 12:3) Мәсіх туралы ойлауға тиіспіз. Өзінің жанын құтқару үшін жүзбасы дәл осыны істеді. Көп кешікпей ол өзінің не істегенін ұғына бастады.

Мәсіхке мұқият көз салғанда Оның ұлылығы мен маңыздылығы оған қатты әсер етіп таңғалдырды. Осы Адам сонда болуымен айқышты патшаның тағы іспетті етіп көркейтті. Бір тұрғыдан айқышқа шегелеу таққа отыру салтанатына ұқсады да. Сардар бұған дейін осыншама азаптың алдындағы сондай ұлылықты ешқашан көрмеген еді. Ол сондай-ақ соншама қатыгездіктің алдындағы сондай жан тыныштығын, осыншама

ұждансыздықтың алдындағы сондай абыройды да көрмеген болатын. Ол Исаның: «Әке, оларды кешіре гөр, олар не істеп жатқандарын түсінбейді» дегенін естіді. Бұл сөздер жүзбасын қайран қалдырып, аң-таң етті. Айқышқа шегеленуге үкімделгендердің бұлай деп Құдайға сиынбайтынын ол өз тәжірибесінен білетін. Адам ешқашан да Бұл сияқты айтпайтын. Ол өзі қандай Адам еді? Жүзбасы осылай Исадан көз алмастан қарап тұра берді. Бұл Исаның Тұлғасы оның көңілін толықтай иемденіп алғанша солай болды. Біз Оған осындай мүмкіндік бергенде бұл әрдайым осылай болады. Өйткені айрықша Тұлға. Ол киелі де, сүйіспеншілікке толы, мүлтіксіз де ұлы Құдайдың нақты көрінісі болып табылады.

Содан кейін жүзбасы Мәсіхтің азабының маңыздылығын ұғына бастады. Ол айқышқа керіліп шегеленгеннен болған жай ғана тәндік ауру емес еді. Оның бұған дейін де осындай жазаны әлденеше рет көргендігінде шүбә жоқ. Бұл ауру Исраилдің басшылары мен надан тобырдың жеккөрініші мен ашу-ызасынан да туындамаған болатын. Дәл осындай дәрежеде болмағанмен, айқышқа шегелеу әдетте осылайша өтетін.

Сардарды таңғалдырған нәрсе оқиға болған орынды үш сағат бойы жатқан қорқынышты қара түнек болады. Тал түсті түн ортасындағы қараңғылық басты. «О, Құдайым, Құдайым! Неліктен Мені жалғыз қалдырдың?» деген Исаның қатты айқайы оның жанын түршіктірді. Осы айқайдан адамның түсігінен тыс ауру мен азап толықтай көрініс тапты. Ал соны басынан Кешуші киелі де күнәсіз, мүлтіксіз де айыпсыз болатын.

Ең ақырында жүзбасы Исаның күші мен құдіретін ұғынды. Оның бойындағы қорқынышты тастүнек қараңғылық қана

шақырған жоқ, мейлі ол қандай әдеттен тыс күйде көрінсе де. Оның аяғының астындағы жер сілкініп, жартастар жарылды. Киелі үйдегі шымылдықтың жоғарыдан төменге қарай қақ айырылып, екіге бөлінгенінің мәнісін тек яһуди ғана түсіне алар еді. Мұнда орын алған кереметтер мен құбылыстар яһудилердің ғана емес, тіпті өзге ұлттардың жүректеріне де әсер етуге қабілетті болды. Алайда болған оқиғалардың ішіндегі ең бастысы Мәсіхпен бірге айқышқа шегеленген қылмыстылардың біреуінің сенімді қабылдауы болса керек. Ол өз жүрегін Мәсіхке бағыштағанда Иса оған: «Бүгін-ақ менімен бірге жұмақта боласың!» деді. Осы адамның мінез-құлқы мен сөйлеген сөзінде болған таңғалдырарлық әрі кенеттен болған өзгеріс те куәлікке өзіндік үлес қосты.

Сонымен сардар Исаға мұқият көз салып қарай берді, ол Оған неғұрлым көбірек қараған сайын, солғұрлым Исаның әдеттен тыс Тұлға екенін көбірек ұғына түсті. Оның жай, қарапайым адам емес екенін түсінді. Тобырдың осы зұлым ісіне қатысуымен ол да Оны айқышқа керіп шегеледі. Бұл мысалдың өмірлік мәнісі тым жай, әрі қарапайым. Оның өлімінің жеке өз басыңыз үшін қандай мағынасы бар деп ойлай отыра, сіз Мәсіхке айрықша көңіл бөлдіңіз бе?

ТӘУБЕГЕ КЕЛІП МӘСІХКЕ СЕНІМ АРТУ

Діни қызметкерлер: «Өзінді құтқарып ал! Егер де Құдайдың рухани Ұлы болсаң, айқыштан түс!» деп Исаны келекете етті. Айқышқа ілінген қылмыскерлер де дауыстап: «Мәсіх болсаң, кәні, Өзінді де, бізді де құтқар!» деп мысқылдады. Құдайдың рухани Ұлы! Шынымен де бұл солай еді. «Бұл шынымен Құдайдың рухани Ұлы екен!» деп мойындады жүзбасы сардар.

Ол тек қана бір-ақ сөйлем айтты және сол оның Исаны

мойындап, Оған Құдайдың рухани Ұлы ретінде сенім артқанын дәлелдейді. Осындай жай ғана тәубеге келуі арқылы ол бір қадам жасады, сол оны айқыштың өзін құтқаратын жағына қойды. Бұдан бұрын Петір де дәл осылай мойындағанда («Сіз Мәсіхсіз, мәңгі тірі Құдайдың рухани Ұлысыз») Иеміз оған: «Сен бақыттысың, Жүніс ұлы Шимон: саған мұны адам баласы емес, көктегі Әкем білдірді!» деді. «Бұл Адам шынымен Құдайдың рухани Ұлы екен!» деді сол римдік жендет.

Осылайша Мәсіхті айқышқа шегелеген және Исамен болған жағдайларға мұқият назар салып тұрған адам, енді Оған сенімін артты. Осы сөздерімен, Киелі Рух жазған жалғыз сөйлеммен, сол адам болып жатқанның оның жүрегіне әсер етіп, көздерінің ашылғанын көрсетті. Ол сол күні айқышқа келіп, Мәсіхтің жағынан орын алған өте аз, біразырақ адамдардың біреуіне айналды.

Осы күндері сіз үш түрлі әрекет жасай аласыз: 1) Мәсіхті айқышқа шегелеп, тобырдың және осы күнәлі дүниенің жағында тұрасыз; 2) Мәсіхтің жеке тұлғасының, Оның азабының, ұлылығы мен құдіретінің маңыздылығы жайлы ойланып, Оған байыппен назар саласыз; 3) Тәубеге келіп, Оған мойынсұнасыз. Сонда көзіңіз ашылып, жүрегіңіз Оған қарай асығады, аузыңызбен Оның Құдайдың рухани Ұлы, өзіңіздің жеке Құтқарушыңыз және Иеңіз екенін мойындайсыз.

Сіз Айқыштың жанындағы қай орындасыз?

Тақырыпқа арналған Киелі кітаптан үзінділер: **Жоһ 18:28; 19:16; Мат 27:22**

ЖІГЕРСІЗ ПИЛАТ

Понти Пилат Исаны өлім жазасына кесті. Оның бейшара бет-жүзі Мәсіхтің елшілері жазған барлық төрт Ізгі хабардың беттерінен бізге қарап тұрғандай. Римдік заңды бұзып, өзінің ар-ұжданымен ымыраласып, Құдайдың рухани Ұлын айқышқа шегелеу жайлы қатыгез үкім шығарғаны әрі Оны ашықтан-ашық балағаттап масқаралауға жол бергені үшін Пилат жігерсіз, қорқақ адам деп таңбаланды. Исаға істеген ісі үшін Мәңгілікке қарабет болып масқараланған ол тарихтың сотында сотталатындардың орындығында отыр. Ал ол нақты не істеді? Ол Мәсіхке адал да әділ сот жүргізуден бас тартты. Әрбір адамның соған құқығы бар. Пилат халықтан: «Ендеше Мәсіх деп аталатын Исаға не істейін?» — деп сұрады. Осы оқиғадан сәл бұрын Исаның бұған өзімен не істейтіні мұны қызықтырған болатын. Ол Исаға қатысты барлық деректермен жақсы таныс болатын. Римдік билеуші ретінде ол Исаның әрбір қадамы, Оның тәлімі мен кереметтері жайлы жақсы білетін. Бұл жайлы хабар барлық жерге тараған болатын. Басты діни қызметкерлердің Исаны көре алмағандықтан опасыздық жасағанын Пилат жақсы білді.

Ол барлық деректерді жақсы біліп қана қойған жоқ, оның Исаға тағылған айыптарды жеке және тікелей зерттеп-тексеру мүмкіндігі де болды. Алайда оның солай істеуге ешқандай құлшынысының болмағанына назар салыңыз. Шынында Ол бұл мәселемен айналыспас та еді, бірақ белгілі жағдайлар оны соған мәжбүрледі. Оған тергеу

жүргізуге тура келді, жағдайдың күштеуімен Исаға үкім шығаруға мәжбүр болды. Осы материалды оқып-үйрену фактісінің өзі сізді Пилат тап болған жағдайға қояды. Сіз Исаға не істер едіңіз?

ПИЛАТ ИСАНЫҢ АЙТҚАНЫНАН ҚОРЫҚТЫ

Пилаттың өмірі Исамен кездескен кезге дейінгі қалыпта алға баса алмайтын еді. Ол өз өмірінің шешуші сағатына жеткен болатын. Қандай да жағдай болмасын, Пилат пен Иса бетпе-бет кездесуге мәжбүр болатын. Біз «Пилат ... бұрынғыдан бетер қорқып кетті» дегенді оқимыз (Жох 19:8). Ол Мәсіхтің айтқандары мен Оның жеке тұлғасынан әрі Назареттік Исаның мұның өз өмірінде туғызған дағдарысты жағдайдан қорқып кетті.

Ол Исаның мұның жеке өміріне араласуынан қатты қорықты. Тарих бізге Пилаттың дәрекі, әдепсіз әрі өте қырсық адам болғанын баяндайды. Ол өзге адамдардың сезімдерін көзіне ілмей, тек өз қалауын орындауды артық көретін. Киелі де мейірімді, кішіпейіл де Ұлы әрі Құдайдың кінәратсыз рухани Ұлының алдында ол түкке тұрғысыз бейшара болып көрінді. Бірақ дәл осы жағдай бізге де қатысты көрінеді! Кім Онымен өзін салыстыруға бір сәтке болса да төтеп бере алады?

Ол басын көтеріп Исаға қарады. Оның алдында Өзінің жасынан үлкен болып көрінген Адам тұрды. Оның бет-жүзі ұрып-соғып, қинап, азаптағаннан адам танымастай әлем-тапырақ болып өзгерген болатын. Гибадатхана күзетшілері оны жауаптап, адамдар Оны ұрып-соғып, қорлап, азаптап қинаған еді. Пилат осы Адамды әлсіз және күші жоқ деп есептеді. Ол Мәсіхтен: «Сені босатып жіберуге де, айқышқа шегелетіп өлтіру де менің билігінде екенін білмейсің бе?» деп сұрады. Бірақ Пилат қателескен

болатын. «Көктегі Әкем жол бермесе, Маған билігіңіз жүрмес еді», деген қысқа жауапты естіді ол. Сыртқы көрініс пен жағдайға қарамастан, бүкіл билік кереметпен Исаның қолына жиналған болатын.

Бұл көп кездесетін қателік. Мүмкін сіз де солай істеген шығарсыз. Сіз Исаны тарих беттерінде қандай да болса, бір сұрықсыз, енжар, нақты болмаған, бүгінгі өмірге еш қатынасы жоқ тұлға деп елестеткен шығарсыз. Алайда алданбаңыз. Бұл Адам Құдайдың рухани Ұлы. Ол барлығының үстінен қарайтын Құдай, мәңгілікке жарылқанған. Сондықтан да ең ақырғы сөзді айту бізге емес, Оған тиесілі.

Көп кешікпей Пилаттың Исаны өз билігімен қорқытпақ болған ебедейсіз ұмтылысы жоққа шықты. Олар нәтижесіз болды. Ол тағы да қайтадан маңызды сұрақтың алдында тұрды: ол бұл Адамды не Таққа отырғызуға, не Айқышқа Шегелеуге тиіс болды. Бұл әрбір адамның алдында тұратын ең басты сұрақ. Бұл сұрақ енді сіздің де алдыңызда тұр. Сіз Исамен не істемекшісіз?

Мүмкін Пилат Исаның мұның жеке өміріне енгенінен қорыққан шығар. Пилат үйленген адам болатын. Оның әйелі, Клаудия Прокула, патша тегінен шыққан болатын. Ол Тиберияның қызы, Цезарь Августың немересі еді. Исаның ісін қарастырып отырғанда әйелінен: «Сол әділ Адамға ештеңе істей көрме!» деп ескерткен хатын алған болатын. Ол сол Адам үшін түсінде көп азап шегіп, қиналғанын, Мәсіхке қатысты үкім шығаруда күйеуінің қателесуі мүмкін екенінен қорқатынын айтқан еді. Сонымен Пилат өзінің еркінен тыс оның жеке өміріне Исаның әсер еткенін көрді.

Пилат бәрінен бұрын Иса мұның қоғамдағы орнына

кесел келтіре ме деп қорықты. Көп кешікпей ол өзінің саяси қызметі және қоғамдағы алатын орны оның Исаға не істейтіндігіне байланысты екенін ұқты. Тобырдың аласұрған айқайы осыны куәландырды: «Егер Оны босатып жіберсеңіз, Рим патшасының досы емессіз!» Кімді таңдау қажет: Мәсіх Исаны ма әлде Цезарьдың Тиберийін бе? Оның бүкіл мансабы таразының табағында тұрғандай болды. Егер ол Исаны таңдаса онда Римдегі қаныпезер патша мұны жеккөретін болады. Пилат негізінде Мәсіхтің айтқанын жоққа шығарғысы келмеді, алайда сонымен қатар ол соларды мойындап, қабылдағысы да келмеді.

Сіз Пилаттың позициясын жақтайсыз ба? Исаға қатысты шешім қабылдаудан қорқасыз ба? Өйткені Оның сіздің жеке өміріңізге де, қоғамдық өміріңізге де ықпал жасайтынын білесіз ғой. Иә, Ол сіздің өміріңізге, сөзсіз енеді! Сіз Оны қабылдаған сәтте өміріңіздегі барлығы да өзгеруге тиіс. Қандай жағдай болмасын сіздің өміріңіз бұрынғысынша қала бермейді. Егер сіз Одан бас тартсаңыз, ешқашан жан дүниеніңізден тыныштық пен бейбітшілікті сезінбейтін боласыз.

ПИЛАТ МӘСІХТІҢ АЙТҚАНДАРЫНА ҚАРСЫ ШЫҒАДЫ

Пилат маңызды шешім қабылдауды барынша кейінге қалдыруға тырысты, алайда мәселенің шешім шығарғанға дейін қайтадан туындай берді. Мүмкін сіз де шешім қабылдаудың қажеттігін өз басыңыздан өткізген шығарсыз. Мұндай шешімді қабылдау адамдардың барлығына да тура келеді. Сіз Исаға не істер едіңіз?

Пилат шешім қабылдау жауапкершілігінен босануға тырысты. Исаның Ғалилеядан екенін білгенде оны Ирод

патшаға жіберді: «Ақыр аяғында, мұның маған еш қатысы жоқ, онымен Ирод айналыссын» деп ойлады ол. Бірақ бұл іске аспай қалды. Әрине Иродқа да сол сұрақпен бетпестет келуге, тура келді. Бұл әрбір адамның басына түседі! Алайда көп кешікпей-ақ Иса қайтадан Пилаттың алдына әкелінді, оған лажсыздан таңдау жасауға тура келді. Сіз осы сұрақтан жалтаруға тырысасыз ба? Алайда олай істей алмайсыз.

Пилат бұл істі сотта қаратпауға әрекет жасап бақты. Ол яһудилерге: «Сендер Оны алып кетіп, өз заңдарың бойынша соттандар!» деді. Басқаша айтқанда: «іс қабылданбады». «Бұл діни құрметке қатысты келіспеушілік мәселесін қозғайды, ал оның маған еш қажеті жоқ», іс жүзінде Пилат осылай мәлімдеді. Бірақ бұл да көмектеспеді. Ол Исаның ісінің діни сенімге қатысты мәселенің шеңберінен тыс шығып кеткенін тым ерте байқады. Шын мәнінде бұл қай кезде болмасын оған шешім қабылдауға тура келген мәселелердің бәрінен де ең маңыздысы болды. Өйткені Иса барлық мәселелерге де: адамгершілік, діни, әлеуметтік, құқықтық, жеке басқа қатысты мәселелердің бәріне де қозғау салды. Оның талаптары өмірдің барлық жақтарына қатысты болды, олар адамның табиғатын және оның өмірінің барлық аспектілерін қамтыды. Иса сот алдында тұрғанда адамның өмір сүруі, оның діни сенімі мен бұйрықтары қаралды.

Пилат Исамен айтысу арқылы сол істің мәнісі туралы сөз қағыстыруға тырысты. Ол Исаға сұрақтар қойды, сондай-ақ тұс-тұстан сұрақ беріп те көрді, алайда Одан бірде-бір жауап ала алмады. Пилат Исаға: «менімен сөйлескің келмей ме?» деп айқай салды. Исаның үнсіз қалуының өзі оның ар-ұжданын қамшымен тілгілегендей түршіктірді. Бірақ көріп тұрғаныңыздай, талқылайтын еш нәрсе жоқ еді. Пилат істің жайын өте жақсы білетін.

Бәрі де қарапайым нәрсе болатын. Ол Исаға қатысты әділдік істей ме немесе керісінше ме? Оған осыған шешім қабылдау қажет болды. Ол осы дүниені жақтап Исаға қарсы тұра ма, әлде Исаның қасында тұрып осы дүниеге қарсы шыға ма? Барлығы да дәл осыған сай келді! Исаны айыптайтындай ештеңе болмады. Сіз қазір шешім қабылдауға тиіс болсаңыз, Пилат та солай істеуге тиіс еді.

Пилат мәселені басқа жаққа аударуға тырысты. Ол мұны екі жақты түрде істеді. Алдымен ол атақты қылмыскер Бараббаны шақырып халыққа таңдау жасатты. «Осы екеуінің қайсысын өздеріңе босатып бергенімді қалайсыңдар: Бараббаны ма немесе Исаны ма!» Ол мұның міндетін жеңілдетіп халық тобыры Исаны босатуды қалап, өзіне көмекке келеді деп үміттенді. Алайда осы күнәкар дүние әрдайым істейтініндей Бараббаны таңдады. Пилаттың өзіне шешім қабылдауға тура келді.

Содан кейін ол: «Оны соқтырып, босатып жіберемін», деді. Оны соқтырып, яки жазалап! Ол мұндай шешім халық тобырының көңілінен шығар деп үміттенді. «Босатып жіберемін!» Ол бұл шешім Исаның көңілінен шығады деп те үміттенді. Алайда күнәкар дүниенің Исаның жазалануына көңілі көншімеді, бұл жерде Пилат жеңіліс тапты. Осы әлем Мәсіхтің өліміне құмартты. Мәсіхке байланысты шешім қабылдағанда бұл дүние әрдайым сізге кедергі жасайтын болады. Бұл дүниеге сіздің Мәсіхтен толықтай бас тартқаныңыз ғана керек. Ал Мәсіхке ұнамдысы сіздің Оны өз өміріңіздің бірден-бір Иесі деп мойындағаныңыз.

Ақыры, Пилат бұл істен бас тартпақ болды. Ол ыдыспен су алдырып, қолын жуды. «Мына (әділ) Адамның төгілетін қанына мен кінәлі емеспін. Бұл сендердің

істерің! Оны алып кетіп айқышқа шегелендер. Менің оған қатысым жоқ». Ол өзінің ар-ұжданын тыншыту үшін осы рәсімнен өтті, содан кейін Құдайдың рухани Ұлын айқышқа шегелетті. Мәсіх жүрегінен заңды орнын алу үшін Оны Патшам деп қабулдаудан бас тартқан адамның қолындағы Мәсіхтің қанын жер бетіндегі қандай рәсім немесе қандай іс-шара жуып кетіре алады? Құдайдың уәде еткен Мәсігінен бас тартудың орнын қандай рәсім толтыра алады? «Сонда мен Мәсіх деп аталатын Исаға не істеуім қажет?»

ПИЛАТ ТАҢДАУ ЖАСАЙДЫ

Пилатқа таңдау жасап түпкілікті шешім қабылдау қажет болды. Ол мұны одан әрі қалдыра алмайтын еді. Ол шешім қабылдауға тиіс. Ол бұл мәселеден қашып кете алмайды. Өзін Одан шектеуімен Пилат Мәсіхтен бас тартты және Оны айқыштағы өлімге берді. Бұл жаман таңдау болды. Осы оқиғадан жеті жыл өткеннен кейін Пилат өзі ұнаймын деп тырысып баққан Цезарь оны мәртебелі орнынан да, бүкіл артықшылықтарынан да айырды. Ол бір алыс аймаққа жер аударылды. «Сен Рим патшасының досы емессің!» деп айқайлады халық тобыры.

Бұл шынымен де солай болды! Болған жайттардың бәрінен кейін ол ешкімнің досы емес еді. Тарих оның есімін қарабет қылып масқаралады.

Сіз Исаға не істер едіңіз? Оны айқышқа шегелер ме едіңіз әлде Патша ретінде дәрежесін жоғарылатып, тәж кигізер ме едіңіз?

Шешім жасау өзіңізде.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Тарауға арналған Киелі кітаптан үзінділер: **Мат 3:1-12;**
Мар 6:14-29; Лұқ 23:6-12

ӨЗІНІҢ АР-ҰЖДАНЫН ӨЛТІРГЕН АДАМ

Инжіл шарифте Иродтың отбасында он бір адамның болғандығы айтылып кеткен. Олардың барлығы да оңбағандар еді. Өзінің ар-ұжданын өлтірген адам Ирод Антипас. Ол ұлы Ирод патшаның сансыз әйелдерінің біреуі Малтасийден туған болатын. Басқа адамдар сияқты Ирод Антипас та күн сайын өз ар-ұжданын өлтірумен болды. Ақырында жаман жағдайға тап болды.

ОНЫҢ СЕРГЕЛДЕҢГЕ ТҮСКЕН АР-ҰЖДАНЫ

Біз иподпен алғаш кездескен кезде оның ар-ұжданы Жақия пайғамбардың күшті уағызынан оянған болатын. Жақия керемет уағыздаушы болды, сондықтан оның маңына өте көп адамдар жиналып, еріп жүретін. Бұл қала алаңдарында емес, айдалада болды. Оның уағызын есту үшін адамдар оған үздіксіз келіп жатты. Ирод Жақия пайғамбар туралы бәрін де білетін. Жақия Құдай Патшалығының жер бетіне келуін уағыздарының ең бастысы етіп қойды. Оның уағыздарының арқасында адамдар, әсіресе қарапайым халық, керемет рухани оянысқа бөленді. Оның сөздері қарапайымдылығымен және қысқалығымен айрықшаланды. «Теріс жолдарыңнан қайтып, Құдай жолына түсіңдер! Құдай Патшалығының жер бетіне орнайтын кезі таяп қалды».

Жақия пайғамбар жайлы ойлағанда Ирод сол адамның мінез-құлқы жайлы ойлаудан бас тарта алмады. Егер адамның өмірі оның айтқандарының көрінісі мен дәлелі

болмаса, жұртқа оның уағызының әсері болмайды. Жақияның өмірінің кінәратсыздығы Иродтың өмірінің терістігін паш етіп, айыптады. Жақия іспетті адамға айыптауды уағыздаудың қажеті де жоқ. Оның мінез-құлқының өзі тілгілеген қамшыдай.

Мысалы, оның шынайы мойынсұнушылығы. Өзінің туылуы мен шығу тегі бойынша Жақия діни қызметкер болатын. Алайда сол қызметке кіріспес бұрын ол мынаны ұғынды. Сол тұста Исраил Харон руынан шыққан бір діни қызметкерден гөрі Ілияқа ұқсас пайғамбарға көбірек мұқтаж болатын. Ол сол пайғамбар болып, Ілияс іспетті, өзін тындаған адамдардың көздерін жеткізе және құштарлықпен ар-ұждандарына қозғау салды. Қалың көпшіліктің өзін мойындауын қол жеткізді, алайда уағызшы ретіндегі тамаша жетістіктеріне қарамастан ол адамдардың ішіндегі ең мойынсұнғышы, қарапайымы болып қала берді.

Ол өзін жай ғана «айдаладан шыққан дауыс» деп суреттеді. «Маған қарамаңдар, Мәсіхке қараңдар, сендер Оған мұқтажсыңдар. Оны күтіңдер, Патша ретінде таққа отырғызыңдар».

Сондай-ақ оның қарапайым да көнбіс, күй талғамайтын дағдыларын атап өткен жөн. Ол үстіне түйе жүнінен шапан киіп, қайыс белбеумен белін буып жүретін. Жейтін тамағы да өте қарапайым: шегіртке мен жабайы араның балы болды. Тұратын мекені айдала еді. Өзінің қабілеттері, дарындары бойынша Жақия Иерусалимдегі басты діни қызметкер мен Жоғарғы Кеңестің Басшысына сай болатын. Егер өзі қаласа ол мемлекеттік жоғарғы шендерді ала алатын еді немесе саудамен айналасып шылқыған бай да бола алар еді. Өзінің халық тобырына әсер ету қабілетіне сай бай қожайын болып өмір сүре де

алар еді. Алайда мұның орнына ол қарапайым өмір сүруді қалады.

Осылардың бәріне қосымша ол керемет қасиетті де болды. Жақияның қасына парызшылды қойып көріңізші, сол адамның екіжүзділігі бірден көзге түседі. Саддукейлер өздерінің күдікшілдіктерімен және сенбеушіліктерімен түрлі түсті, ешбір қалпы жоқ тобырдай болып көрінеді. Жақияның өмірі мен үлгісі өз қылмыстарын әшкерелеген зинақорлар мен күнәкарлар күнәларына өкініп зар жылады. Сондықтан да Жақияның Иродтың ұйқыдағы ар-ұжданын оятқанына таң қалмаса да болады.

Жақияға қараған Ирод оның уағыздарының туралығы және тиянақтылығы туралы ойланбауы мүмкін емес. «Жолдағы сай-салалар толтырылсын, әрі тау-төбелер аласартылсын, бұралаң жерлері де түзетілсін, бұдыр жолдар да түгелдей тегістелсін!» Жақияның уағыз сөздері Иродты қамшымен ұрғылағандай болды. Ол өз құлдырауының тереңдігі, қылмыстарының жантүршіктігерлігі, бұзылғандығы, өмірінің екі жақтылығы, өмір жолдарының дөрекілігі мен қатыгездігі туралы ойланды. Жақияда қарапайым бір құрал ғана болды: теріс жолдан қайтып тәубеге келу! Ол әрбір адамның жекелей күнәларына өкініп, тәубеге келуін талап етті: «суға шомылдыру рәсімінен өтіндер», бұл тәубеге келудің рәсімі, адамның ішкі қасіреті мен жағдайының сырт көрінісі еді. Жақия іс жүзінде теріс жолдан қайтып тәубеге келуді талап етті: «Сендерге өз өмірдеріңді түзету қажет!» деді ол.

Ирод бұл қадамды жасауға дайын емес еді. Сондықтан да оның оянған ар-ұжданы түнге қарай оған тыным бермей, азап шеккізді.

Ал сіздің ар-ұжданыңыздың жағдайы қалай? Егер сізбен

де дәл сондай жағдай болып жүрсе, Құдайға шүкірлік айтыңыз. Адамның жанын Мәсіхке әкелгенде Киелі Рухтың ең бірінші істейтіні күнәні әшкерелеу (Жох 16:8). Бұл Құдайдың сөздерінің ақиқаты арқылы Киелі Рухтың адамның ар-ұжданына әсер етуі арқылы болады (Евр 4:12). Сіз Құдайды қастерлеп, Оның алдында өз айыбыңыз бен жауапкершілігіңізді ұғынасыз ба? Егер солай болса, Құдайға шүкірлік айтыңыз. Киелі Рух сізбен жұмыс жасауда, үмітіңіз бекер емес.

ОНЫҢ ҮНІ ӨШКЕН АР-ҰЖДАНЫ

Ирод теріс жолдан қайтып, тәубеге келгісі келмеді. Киелі Рухтың әшкереленуіне жауап ретінде адам жүрегін қатыгездендірсе, ол күнәға бұрынғыдан бетер шырмала түседі. Бұл адамның мінез-құлқын басқаратын заңдардың негізінде болады. Дәл солай заңдар жарықтың, магниттің және дыбыстың іс-әрекеттерін де басқарады. Адамның мінез-құлқының ең басты заңы «күнәнің заңы» деп аталады (Рим 7:18-21; 8:3). «Адам не ексе, соны орады» (Ғал 6:7). Бұл сөздер нақты топыраққа егілгенге қатысты ақиқат шындық, ал рухани жағынан адамның жаны туралы айтылғанда сондай. Теріс жолынан қайтып, тәубеге келуші адам Құдай өзіне күнәларының жексұрындығын көрсеткенде құтқарылуға қарай қадам басады. Бұдан кейін де ол жасайтын әрбір осындай қадам оған дем беріп, жүрегін жұмсартып, құтқарылудың мүмкіндігін арттырады. Ал Құдай күнәларының жексұрындығын көрсеткенде, оған теріс қараған адам сотталуға қарай қадам басады. Сол бағыттағы әрбір осындай қадам жүректі қатыгездендіріп, құтқарылу мүмкіндігін азайта түседі. Киелі кітапта осы ақиқаттың көрінісі болып табылатын көптеген әңгімелер бар. Оларда перғауын, Балағам, Саул патша, Ирод, Яхуда Исқариот сияқты адамдар туралы баяндалған.

Иродтың өміріндегі қасірет оның өмірінде өзі бас тартып тастағысы келмеген күнәнің бар болғандығында. Міне, осы күнә оның түпкі айыпталуына әкеліп соқты. Сол күнә оның «шатастырып шырмап алған күнәсі» болған еді. Оның өмірінде өзі түзетіп, өзгертуге дайын болған іс-әрекеттері де болды. Өзінің оянған ар-ұжданына көніп Ирод өзін тазартуға дайын екенін көрсетті. Ол Жақияның пайғамбар болғанын мойындауға қарсы болмады. Алайда оның өмірінде бір жасырын күнәсі болды. Ол үшін барлық басқалардан ең қымбатты сол болатын. Ол соны тастаудан бас тартты. Сол күнә әйелге байланысты болды, ол басқаның әйелі болатын. Сіздің өміріңізде қандай күнә сізге кеселін тигізіп жүр? Сіздің Мәсіхке келуіңізге және Оның бүкіл адамдарға ұсынған құтқаруын қабылдауға не кедергі болып жүр? Күнә. Мүмкін сіз Ізгі хабардың даусын естіген шығарсыз. Сіз осы тарауларды оқыдыңыз, алайда әлі де күнәкар болып қала бердіңіз. Мұндай жағдайдың себебін табу қиын емес. Сіздің өміріңізде өз жаныңызды құтқарудан да гөрі, жүрегіңізге жақын, өзіңіз соған қол жеткізсем деп аңсаған бір нәрсе бар. Ол кез келген нәрсе бола алады. Кейбір адамдарда бұл ақыл-ой мақтанышы, өзгелерде әлеуметтік жағдайы. Кейбір адамдардың Мәсіхке келуіне діни адасулары, басқалардың адамгершіліктен тыс әдеттері мен бейімділіктері кедергі жасайды. Сондай адамдар терең тамыр жайған әдеттерін тастауға тура келетінен қорқады. Себебі сол әдеттері олардың өмірлерінің мәнісін құрайды. Басқалар жалған достықтан гөрі Мәсіхпен тығыз қарым-қатынаста болғанды ұнатады. Олар үлкен қызмет орнында істейді, алайда Исаға сенім артқанда соларынан айырылады. Кейбір басқа адамдарға айыпты ар-ұждандары және құпия күнәлары тәубеге келуге кедергі жасайды. Өзгелердің Мәсіхке келуіне немқұрайлықтары жол бермейді. Кейбіреулер қылмыс жасаған, егер олар тәубеге келіп, Мәсіхті қабылдаған болса, оларға түрмеге қамалуға тура

келер еді.

Сізді Мәсіхті қабылдауға кедергі болып тұрған нәрсенің сіз үшін тым қымбат болып тұрғаны шүбәсіз! Киелі Рух өзіңізді тәубеге келуге шақырған кезде содан бас тартсаңыз, ар-ұжданыңыз топастанып, Киелі Рухтың шақыруын бірте-бірте тым нашар еститін боласыз. Егер сізбен дәл осы жағдай болып жатса, мұқият болыңыз. Сіздің жағдайыңыз аса қауіпті.

ОНЫҢ ӨРТЕНГЕН АР-ҰЖДАНЫ

Ізгі хабарда Ирод Антипаспен ең соңғы рет күнәсі оны қылмысқа бұрынғыдан да тереңірек батыра түскенде кездесеміз. Өз бауыры Філіптен тартып алған арсыз әйелінің арандатуымен ол Жақия пайғамбарды өлтірді. Жақия пайғамбар мәңгілікке үнсіз қалды. Бұдан былай ол ешқашан адамдарды күнәларына өкініп, тәубеге келуге шақырмайтын болады. Иродтың құлдырауына бір-ақ қадам қалды, оның тағдыры алдын ала шешіліп қойылған.

Пилат пен Мәсіх сияқты, ол да Иерусалимде. Күтпеген жерден Ирод Исамен бетпе-бет келді. Ол Иса туралы естіген еді әрі Ол туралы өзіндік теориялары да бар болатын. Ол Жақия пайғамбар Иса бейнесінде өлімнен қайтадан тірілген деп есептейтін. Мүмкін, осы қылжақбас адам оның алдында қайсыбір сиқырлар көрсетер. Өзіне кереметтер көрсетуі қажеттігіне Исаның көзін жеткізбек болып Оған сұрақтар жаудырды. Ирод істегеніне өкініп сонысынан бас тартқан да жоқ, ар-ұжданы алдында азап та шеккен жоқ. Сондықтан да Иса Иродқа еш нәрсе айтпады. Ол Иродқа үн-түнсіз көз салып, табанды тілектерінің бірде-біреуіне ешбір сөз қайтармады.

Осы мысалда бір қағида бар. Оны төмендегіше

тұжырымдауға болады: «не Жақия, не Иса емес». «Не тәубеге келіп, күнәдан бас тарту да, не рухани қайтадан туылу да жоқ емес». Сондықтан да Құтқарушы Исада оған арналған ештеңе болмады, Исада Иродқа айтатын ештеңе болмады. Содан кейін Ирод өз болмысының қандай екенін ашып көрсетті. Исаның үнсіздігіне ашуланған Ирод Оны келекелей бастады. Жақия пайғамбарды өлтірген қылмыскер Исаны келекелеп мазақтады. Мұнысы аз болғандай Құдайдың рухани Ұлын өлімге кесіп бұйрық шығарған Пилатпен де дос бола қалды. Ол өз ар-ұжданын біржола өртеп құртты. Ең соңында Исаның алдына тап болғанда Оны келекеледі.

Иродтың өмірінен қандай сабақ алуға болады? Құдай тіпті осындай адамға да көңіл бөледі, бірақ Ол теріс жолдан қайтып, тәубеге келуді талап етеді. Адам өзінің жанынан гөрі күнәні көбірек жақсы көрсе, жүрегі қатыгезденіп күнәнің үстіне күнә жамай түседі. Мұндай адам Исамен кездескенде Оны келекелейді, сөйтіп оның құтқарылуына еш үміт қалмайды.

Сіз Исамен не істемексіз? Құдайдың Рухы сіздің ар-ұжданыңызға сөйлей ме? Сізде тастағыңыз келмейтін қандай да болса күнәніз бар ма? Жан дүниеніңізден шыққан Киелі Рухтың даусын таптап, Оған қарсы тұрасыз ба? Бұл толықтай құруға бастайтын жол. Ол тозаққа апаратын жол.

БЕСІНШІ ТАРАУ

Тарауға арналған Киелі кітаптан үзінділер: Мат **26:14-16; 27:3-5**; Мар **14:41-46**; Жох **6:70-71; 12:3-6; 13:21-30, 17:12**

ОПАСЫЗ ЯҺУДА

Яһуда Исқариот туралы барлық Ізгі хабарда үздік-үздік шашырай айтылған. Ол Исаның галилеялық бір топ шәкірттерінің арасындағы бірден-бір яһуди болған болса керек. Олар Исаның жер бетіндегі қызметі кезінде Оған еріп жүргендер. Оның қалайша және қай кезде Исаның шәкірті болғаны бізге белгісіз. Біздің білетініміз Мәсіхтің оны таңдап алып, қай кезде болмасын ажалды пендеге сыйланғандардың ішіндегі ең ұлы мүмкіндікті берді. Оның есімі Көктегі Қаланың түп негізіне мәңгілікке сақталып қалған болар еді. Алайда мұның орнына оның аты тарихтағы бүкіл жылдар бойына опасыздықпен және масқарамен байланысты болып келеді. Яһуда жайлы әңгімені үш тұрғыдан қарауға болады.

ОЛ ҚАСИЕТТІЛЕРДІ ҚАЛАЙ АЛДАДЫ

Яһуда шәкірт рөлін шебер ойнады. Ол өзге шәкірттердің сеніміне толықтай еніп, Иеміз Исаға деген сүйіспеншіліктері мен адалдықтарына ортақтасып, олармен тығыз қарым-қатынаста болды. Ол Ізгі хабарды таратушы болды. Оны өзге шәкірттермен бірге адамдарға Иса туралы жариялауға жіберді. Ол өзге шәкірттермен бірге Иеміздің атымен жын-перілерді қууға, аурулар мен әлсіздерді сауықтыруға қатысқан болса керек.

Ол Құдайға қызмет етушілердің таңдаулы тобындағы қазына ұстаушы абыройлы да сенімді қызмет атқарды.

Оның қолында үлкен жауапкершілік болды. Ол он екі шәкіртпен сансыз рет бірге отырып тамақтанды, көбіне Исаның Өзі де араларында болатын. Исаға опасыздық жасап, сол үшін алған күміс теңгелері қалтасында жатқанның өзінде ол өз басының Мәсіхке адалдығы жайлы қатты дауыспен жариялады.

Шәкірттер оған ешқашан күмән келтірген емес. Ол барлығын да жақсы алдады. Тіпті ең соңғы нан үзу рәсімі кезінде де олар одан күдіктенген жоқ. Иса дастарқан басында нанның ең жақсы бөлігін ұсынып, опасыздың кім екенін нұсқаған кезде де, шәкірттер Яхуданың сатқын екеніне сене алмады. Ең соңында Яхуда дастарқан басынан тұрып, Иемізді ұстауға адамдарды жинап келу үшін түн қараңғысында сыртқа шығып кеткенде де шәкірттердің бойында күдік туған жоқ. «Не істегің келсе, соны тезірек істе!» деді Иса оған. Ал басқа шәкірттер Яхуданы жарлы-кедейлерге көмек көрсетпек болды деп ойлады. Өйткені ол шәкірттердің арасында қайырымдылығымен және ынталы қызметімен айрықшаланатын.

Яхуда қасиетті адамдарды шатастырды, алайда Иеміз оның ішкі дүниесін айқын көрді. Ізгі хабарда Яхуданың Исаны «Ием» деп атағаны еш жерде айтылмаған. Ол Исаны «Ұстаз», «Рабби» деп айтпаған. Ол ешқашан Исаны өз өмірінің Иесі етіп қоймады әрі білуіміз бойынша ешқашан Оған Құдайдың рухани Ұлы деп құлшылық етпеген де.

Құдайдың қасиетті адамдарын алдау тіпті де қиын емес. Исаға сенуші болып көрініп, жергілікті сенушілер қауымының мүшесі болып, Құдайдың халқының санына ену оңай. Сенушілер қауымындағы қызметке белсене араласып, тіпті жауапты қызмет атқарып, шомылдыру рәсімінен өтіп, нан үзу рәсіміне қатысу, әрі Яхуда іспетті

Мәсіхтің құтқаратын күдіреті жайлы ешбір түсінікке ие болмау қиын емес. Бұл әрине ең жаман мүмкіндік. Кейбіреулерге «Исаға сенетіндер тілінде» сөйлеу, сенушілер өмірінің стереотипін білу және Исаға шын жүректен сенуші ретінде қауымға мүше болып ену онша қиын мәселе емес. Алайда сол кездің бәрінде олар Исаға Құтқарушымыз және Иеміз ретінде жүрегін шын мәнінде бағыштамайды.

ЯҺУДАНЫҢ ҚҰТҚАРУШЫНЫ МЕНСІНБЕУІ

Яһуда Иеміз Исаны үш жақты менсінбеді. Біріншіден, ол Иеміздің айтқандарының бәріне де немқұрайды қарады. Ол Исаның нақыл сөздерінің бәрін естіді, атақты Таудағы уағызын, маңыздылығы жағынан содан кем түспейтін зәйтүн тауында берген тәлімдік сөздерін де біледі. Ол Иеміздің жауларымен жүргізген ауызша айқасын естіп көріп, оларды қалайша тұйыққа тіреп, ауыздарын аштырмай қойғанын өз көзімен әлденеше рет көрді. Иеміз жүрегін ашып, осы дүниеге ешқашан ашықтан-ашық айтпағандарын түсіндергенде соны тыңдағандардың арасында ол да болды. Алайда Яһуда Ізгі хабарды тыңдауға жүрегін қатыгездікпен жауып алды. Ол Ізгі хабардың сөздерін Құдайдың рухани Ұлының өз аузынан жиі-жиі естігені сонша, олар оның жүрегіне, жан дүниесіне ұзаққа созылатын әсер етуін тоқтатты. Ол үйін құмның үстіне салған ақымақ іспетті болды. Исаның тәлімін ести тұра, оған еш құлақ салмады.

Бұған қоса ол Иеміздің атқарған істерінің бәріне де менсінбей қарады. Ол Исаның барлық кереметтерін өз көзімен көрді, алапеспен ауырғандарды сауықтырғанда сол жерде бірге болды, ақсақтардың жүріп кеткенін, саңыраулардың құлақтары ашылып естіп кеткендерін де көрді. Ол Құдайдың рухани Ұлының Құдайлық ұлылығы

мен күдіретін мойындап, жын-перілердің Одан қорқып қашқанының куәгері болды. Өзінің көз алдында Исаның қолындағы нан мен балықтың қалайша көбейгенін көрді, Исаның теңіз бетімен жүргенін, теңіз бетіндегі толқындар мен дауылды басқанының да куәсі болды. Өлгендер қайтадан тірілген оқиғаларда да сол жерде болды. Бұл адам нанғысыз болып көрінсе де, дәл сол шынымен болған жайт. Яхуда осы болған оқиғалардың бәріне де көзін жұмды. Ол сондай-ақ Исаның ескертпелерінің бәріне де менсінбей қарады. «Ал осы он екінді Мен таңдап алған жоқпын ба? Сонда да іштеріңдегі біреуің шайтанның жетегінде», деді бірде Иса. Яхуда бұл сөздерді естіді, алайда оларға құлақ асқан жоқ. Иса әлденеше рет оған ескерту жасап, теріс жолынан қайтуға мүмкіндік берді. Соңғы кешкі ас кезінде он екі шәкіртінің біреуі Өзіне опасыздық жасайтынын Иса ашық айтқан кезде Яхуда Петір, Жақып, Жохан, Тома, Матай, Філіппен бірге дастарқан басында отырып: «Ұстаз, сол адам мен емес пе екенмін?» деп сұрады. Исаны ұстап беру үшін алған отыз күміс теңгесі әмиянының ішінде жатқанда кірпік қақпастан арсыздықпен: «Сол адам мен емес пе екенмін?» деп сұрады. Тіпті Гетсимани бағының ішінде оның теріс жолынан қайтып, тәубеге келуге мүмкіндігі болған еді. «Не істегің келсе, соны тезірек істе!» Сол кезде де Яхуда Исаның жолына қайтадан бұрылып, өзінің екіжүзділігі мен күнәсін мойындап, кешірім сұрай алар еді. Әйтсе де ол сол мүмкіндігін жіберіп алды, енді мәңгілікке өлді.

Құтқарушыны менсінбеуге бола ма? Оның сөздерін жақсы біліп, оларды жаттап алып сөз арасында қолдануға, қайталауға болады. Оның барлық астарлы әңгімелерін, тәлімін, пайғамбарлық болжауларын біле тұра Яхуда іспетті, өлімші күнәкар болуға болады. Иеміздің барлық кереметтері туралы біліп, Оның Құтқарушы рақымының керемет көрінісінің бүгінгі күнгі тірі мысалдары болып

табылатын адамдармен таныс болып та, Яһуда тәрізді өлімші күнәкар болуға да болады. Күнәға қатты өкініп, бірақ яһуданың істегеніндей құтқарылуға немкетті қарап, ол сияқты өлімші күнәкар болуға болады. Мұның жаман мүмкіндік екені сөзсіз.

ОЛ ӨЗ ЖАНЫН ҚАЛАЙ ҚҰРТТЫ

Бізге Яһуданың соңғы кешкі ас кезінде Иеміздің айтқан ескертулерін толықтай жоққа шығарғаны және «сонда оның көңілін шайтанның билеп алғаны» жайлы айтылады. Иса Яһуданы «өлімнің ұлы» яғни «талқандалудың ұлы» деп атады. Яһуда Исаның құны шексіз қанын аяққа басып таптады. Иса қанын Яһуда сияқты адамдар үшін төккен болатын. Міне, осылай ол күнәдан бас тартып тәубеге келуге ешбір мүмкіндікті қалдырмады. Ақыр аяғында өзін-өзі өлтіріп, «өзіне лайықты орынға» кетті.

Яһуда Құдайдың рухани Ұлын бір уыс күміске яки түкке тұрғысыз нәрсеге, сатып кетті. Оның бір тиынын да жаратқан жоқ. Исаны айқышқа шегелеуге үкім кескенде, оны ар-ұжданы әшкерелеп, ол алған ақшасын діни қызметкерлерге қайтарып берді. Ол сол қарғыс атқан күміс теңгелерді ғибадатхананың мәрмәр еденіне жан-жаққа шашыратып лақтырып жіберіп: «Мен күнә жасадым!» деп айқайлады. «Онда біздің шаруамыз не?» деген дөрекі де қатыгез жауап естілді.

Күнәға өкініп, тәубеге келу мен ар-ұждан алдында азап шегудің арасында үлкен айырмашылық бар. Яһуда күнәсін басқа жерге, басқа адамдарға апарды. Оған қала қақпасынан тыс жерде, қадамдарын Иеміз айқышқа керіліп шегеленген Маңдайтөбеге қарай бағыттап, Исаның шегеленген аяғына құлап жоқтау айтқан жөн болар еді. Ол сол аяқтарды көз жасымен жуып, шашымен

сүртіп құрғатуға тиіс еді. Ол Исаға: «Мен күнә жасадым,» деп айтуға тиіс еді, тіпті бұл тым кеш болған күнде де. Иеміз Иса оған Өзінің кешірімін сыйлаған болар еді. Алайда Яхуда солай істемей, мүмкіндігін жіберіп алды. Содан барып, асылып өлді.

Мәсіхтен бас тартқандар әдетте осылай істейді. Барлығы бірдей мұны Яхуда сияқты ақша алу үшін әдейі ойластырып істемейді. Тіпті көбі өз жандарының құны ретінде отыз күміс теңгеден де азырақ алады. Олар Құтқарушыны өздері құмартқан қандай да бір болмасын жаман әдеттері үшін немесе осы әлем ұсынатын ішкі мән-мағынасы жоқ әсемдік, жалтырақ (сән-салтанат) үшін сатып кетеді.

Сондай-ақ Яхуда сияқты істеген күнәсін ар-ұждандары әшкерелеген көптеген адамдар да бар. Алайда мұндай адамдар ешқашан тәубеге келмейді. Ал мұнан да көп адамдарды, Яхуда сияқты, ар-ұждандары маза бермей, азап шектіреді. Олар күнәларын Құтқарушы Мәсіхтің алдына әкелмей, оларды қарапайым адамдарға айтады. Ақыр аяғында олар да өздеріне лайықты орынға кетеді. Олар Мәсіхпен бірге бола алмайды, өйткені олар Одан бас тартқан еді. Олардың алдынан Құдайсыз, Мәсіхсіз және үмітсіз шексіз мәңгілік ашылады. Осы сабақтарды біз Яхуданың қайғылы тағдырынан алуға тиіспіз.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Тарауға арналған Киелі кітаптан үзінділер: **Жох 3:1-12; 1:11-13**

ЕКІ РЕТ ТУЫЛҒАН АДАМ

Киелі кітапта Никөдем туралы тек үш-ақ рет айтылған әрі олардың әрқайсысы Жохан жазған Ізгі хабарда келтірілген. Оның Исамен қарым-қатынасында алға ұмтылушылық байқалады. Егіннің қалай өсетіні (Мар 4:28) сияқты, біз алдымен көп өскінді (Жох 3), содан кейін масақтың шыққанын (Жох 7:50-53), соңында масақтың дәнмен толысқанын (Жох 19:39) көреміз.

ИЕМІЗ НИКӨДЕМНІҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ӨРШІТТІ

Никөдем Назареттік Исаға қатты құмартты. Ол Ғалилеяның солтүстік аймағынан шыққан ұстаз болатын. Бұдан сәл бұрын мансабы туып келе жатқан жұлдыз ретінде Иерусалимде пайда болған еді. Никөдем Исаға кәсіби қызығушылық танытты. Өйткені ол яһудилердің жоғарғы діни және мемлекеттік органы болып табылатын Жоғарғы Кеңестің мүшесі еді.

Жоғарғы Кеңеске мүше болу кез келгеннің қолынан келе бермейтін үлкен абырой болатын. Оның жетпіс мүшесі болды: Бас діни қызметкер, жиырма төрт басты діни қызметкер, жиырма төрт ақсақал немесе «правители» әдетте оларды «халықты басқарушылар» деп атайтын, өйткені олар Жоғарғы Кеңесте халықтың өкілдері болды және жиырма екі «Таураттың мұғалімдері» болды. Бұлар заңды талдап түсіндірумен айналысатын білгір адамдар еді. Жоғарғы Кеңестің күнделікті отырыстары

басқарушының жетекшілігімен жиырма үш мүшесі қатысқан жағдайда өтетін. Басқа міндеттерімен қатар Жоғарғы Кеңес халықтың діни өмірін бақылап, оны тәңірсымақтарға құлшылық етуден қорғап отырды. Еретиктерді соттаумен айналысты әрі ғибадатханаға айрықша құштарлық танытты.

Иерусалимге алғашқы сапары кезінде Иеміз Өзі жасаған қамшымен ғибадатхананы сауда орталығына айналдырғандарды қуып шығып тазартты. Жас ағаш шеберінің бұл қылығы Жоғарғы Кеңесте бомба жарылғандай әсер етті. Өйткені ғибадатханада осындай жағдайдың болуына ұзақ жылдар бойы дәл Жоғарғы Кеңестің өзі жол беріп келе жатқан болатын. Көптеген адамдар Исаға наразы болып, зығырданы қайнаса, Никөдем Исаға қызығушылық танытып, жеке өзі барып Онымен кездесті.

Алайда Никөдем Исаға сондай-ақ жеке қызығушылық та танытты, өйткені ол шынайы діндар адам болатын. Ол Исаның заманындағы діни секталардың ішіндегі ең қаталы болып табылатын заңды сақтаушылар партиясының мүшесі болды. Заңды сақтаушылар Киелі кітапты оқумен, зерттеумен, жаттаумен айналысатын. Олар аптасына екі рет ораза ұстап, жиі әрі ұзақ дұға оқитын, көбіне халықтың көз алдында солай істейтін. Олар кірістерінің оннан бір бөлігін ықыласпен төлейтін, тіпті бақшаларындағы өсімдіктердің оннан бір бөлігін де Құдайға бағыштайтын. Олар кертартпа діни сенімдерді ұстанып, діни демалыс күндерін қатаң сақтайтынын, өзгелерге жомарттықпен көмектесетін, Құдайдың ғибадатханасына тұрақты барып тұратын.

Никөдем де осындай адам еді: ақылды, діндар, жұртқа сыйлы, қай-қай жағынан да дұрыс адам болатын. Ол

бойына адамдық қасиеттердің ең жақсыларын жинаған мәдениетті, білімді, тәрбиелі, барлық жағынан үлгілі адам еді. Сонымен қатар ол Исаға қызығушылық танытты. Ол осы бір қарапайым жұмысшы адаммен танысуға қатты құштар болды. Сол адам ешқандай ресми білім алмаса да елдің солтүстік бөлігінде осыншама танымал кереметтер жасады. Оның Иерусалимге келуі көптеген дау-жанжал мен әңгімелер туындатты. Сонымен ол Исаға түн ішінде келді. Оған келді! Мұны атап өту аса маңызды. Ол Исаға келді. Ал сіз ше? Сіз Оған келдіңіз бе?

ИЕМІЗ НИКӨДЕМДІ ТОҚТАТТЫ

Никөдем өз сөзін Оған құрмет көрсете, сыпайы түрде мақтаумен бастады. Алайда ол сөзін аяқтамас бұрын Иеміз оның сөзін бөліп, тоқтатты. Иеміз оған бұл бұрын-соңды ешқашан естімеген керемет пікір айтты: «Саған өте маңызды шындықты айтып тұрмын: Кімде-кім қайтадан туылмаса, Құдайдың Патшалығын көре алмайды». Бұл сөздер Никөдемді таңғалдырды. «Есейген адам қалайша қайта туылады? Шешесінің құрсағына еніп, екінші рет дүниеге келуі мүмкін бе?»

Иеміздің жауабы оның барлық діни үміттерін жоқ қылды. Ізгі істері мен адал да ақылды өміріне, оның төзімді діни жаттығуларына негізделіп, ынтамен салған мұнарасы, яғни өзі сондай құлшыныспен сенім артқандарының бәрі, бір-ақ сәтте құрып жоқ болды. Оған рухани қайтадан туылу қажет немесе Құдай Патшалығының қақпасының сыртында мәңгілікке қалу қажет болды. Өзінің бүкіл түсінігі күл-талқан болғанын көре тұра Никөдем бұл мәселе бойынша дауласқан жоқ. Ол «Неліктен?» деп сұрақ қойған жоқ, қайта, «Бұл қалай болады?» деп сұрады. «Уа, Ием, маған соны қалай істеуді түсіндірші. Есейген адам қалайша қайта туылады?»

Сіз де осындай шекке жеттіңіз бе? Әдепті өмір сүру мен діни рәсімдерді сақтау сіздің Құдай Патшалығына енуіңізді қамтамасыз ете алмайтыны жайлы Иеміз Исамен келісесіз бе? Қалай рухани қайта туылуға болатынын түсіндіріп беруін Иемізден сұрауға дайынсыз ба? Егер Никөдем өзінің қызметімен және тырысуымен Құдай Патшалығын көре алмаған болса, онда ешкім де соған кіре алмайды. Ол соның қалай мүмкін бола алатынын айтуын Иемізден жалынып сұрады.

ИЕМІЗ НИКӨДЕМНЕН СҰРАДЫ

Иеміз Никөдемге байыппен түсіндіреді. «Тәннен - тән, рухтан - рух туады», - дейді Ол. Тәндік тууды болдыратын заңдардың бар екені сөзсіз. Сол заңға бағынбай ешкім де туа алмайды әрі адам ретінде тәндік өмірге ене де алмайды. Рухани тууды шақыратын заңдармен де дәл осылай. Осы заңдардың аясынан тыс ешкім де Құдай Патшалығына өзге жол арқылы ене де алмайды. Тәндік туылу адам өмірінің бір аспектісі, ал рухани қайта туылу одан мүлдем өзгеше.

Ендеше адам қалай рухани қайта туыла алады? Рухани қайта туылуға бастап әкелетін заңдар қандай? Адам Құдайдың рухани баюларының отбасына қалайша кіре алады? Бұл сұрақтарға жауап Жох 1:12,13 аяттарда берілген.

Осы аяттарды мұқият талдау, рухани қайта туылуда ешқандай рөл атқармайтын үш факторды көрсетеді. Туылу «табиғи жолмен» емес, яғни әдеттегідей адами сипатқа тән емес. Менің ата-анамның Исаға сенушілер болғаны мені де сенуші ете алмайды. Біз мәңгілік өмірді табиғи жолмен туғанымызға бола мұралай алмаймыз. Табиғи жолмен туғанымызға бола мұралайтынымыз

күнәкар болмыс. Біз өзіміздің Дәуітпен келісетінімізді білдіре аламыз, өйткені ол былай деген болатын:

«Мен күнәкар болып дүниеге келдім,
Құрсақта жатқанда-ақ күнәкар едім» (Заб 50:7).

Бұдан басқа рухани қайта туылудың «пенденің қалауымен» еш байланысы жоқ. Ол адамның қалауының нәтижесінде іске аспайды. Мүмкін ата-анам менің Исаға сенуші болғанымды қалайтын да шығар, алайда бұдан мен сенуші болып шыға келмеймін. Мүмкін менің өзім Исаға сенуші болғым келетін шығармын, алайда осы қалау өздігінен мені сондай ете алмайды. Адам «Жақсы, мен Исаға сенуші боламын, солай шештім» деп айта алмайды, әрі өздігінен Құдайдың рухани баласы бола да алмайды. Дәл осы сияқты табиғи тууда да «Мен патшаның отбасында туыламын, солай шештім» деп те айту, сондықтан ханзада бола қалу да мүмкін емес. Рухани қайта туылу «тәннің қалауының» себебінен болмайды.

Әрі қарай жалғастырайық. Рухани қайта туылу «пенденің ой-ниетіне» тәуелді емес. Оның адамның жоспарымен еш байланысы жоқ. Ешбір пенденің жоспары, шешімі немесе ой-ниеті мені сенуші адам ете алмайды. Бұған қауым жиналыстарына бару, Киелі кітапты оқу немесе қайырымдылық іс-шаралары арқылы да қол жеткізуге болмайды. Әрине мұның бәрі өздігінен жақсы әрі мақтауға тұрарлық әрекеттер. Суға шомылдыру рәсімі, сенушілер қауымының мүшесі болу, Құдайдың өсиеттерін орындауға шынайы құлшыныс, мұның бәрі рухани қайта туылуға әкелмейді. Рухани қайта туылу үшін «Құдайдан» рухани мағынада қайта туылу қажет.

Сонымен біз рухани қайта туылуға әкелмейтін үш факторды көріп тұрмыз. Алайда мұнымен қатар үш жақсы, болымды сипатты яғни Құдайдың рухани балаларының

отбасында туылуының үш қарапайым сатысын да ескере кеткен абзал.

Біріншіден, біз «Оның, яғни Исаның», даңқы үшін сенуші» болуға тиіспіз. Иса есімі «Құтқарушы» дегенді білдіреді. «... Оның атын Иса деп қой! Себебі Ол халқын күнәларынан құтқаратын болады!» (Мат 1:21). Сіз сондай деңгейге дейін өсіп-жетілдіңіз бе? Иса, тек Иса ғана сізді күнәдан құтқара алатынына сенесіз бе? Ол Ғолғотадағы айқыш ағашта сіздің күнәларыңыз үшін Өзінің өмірін беріп, өлді (Қор1 15:3). Сіз осыған сенесіз бе?

Келесі қадам немесе саты Оны қабылдап мойындауға жетелейді. «Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті». Иса туралы сөздер мен пікірлерге сену бір мәселе, ал Оны қабылдау мүлдем басқа мәселе. Егер біреу сізге сыйлық ұсынса, сіз оны шынымен де сыйлап тұрғанына сенетініңіз шүбәсіз. Алайда сіз сол сыйлықты қабылдап алғанға дейін, ол ешқашан сіздікі болмайды. Мәсікке қатысты да дәл осылай болады. Сіз Оны қабылдадыңыз ба? Сіз Оған күнәдан құтқаратын жеке Құтқарушым деп шын жүректен сенесіз бе? Сіздің өміріңізге еніп, содан Өзінің орнын алсын, өміріңізге араласып, сізге Өзінің өмірін берсін деп Оны шақырдыңыз ба?

Алғашқы екі саты сіздің өз жауапкершілігіңізде. Сіз Мәсікке сеніп, Оны қабылдауға тиіссіз. Осылай істеген кезде Құдай сізге Құдайдың рухани баласы болғаныңызды айтады. Ол сіздің жан дүниеңізбен істеген Өзінің керемет еңбегін көрсетеді, сонда сіз Құдайдың рухани балаларының отбасында қайта туыласыз. Табиғи туылуда пенделік және Құдайлық бөліктерді айқын белгілеуге болады. Құдай адам баласына өмір береді. Әрбір жаңадан туылған нәрестеге пенделік өмір және

оның дамуы мен өсуіне барлық мүмкіндіктер беріледі. Рухани қайта туылуда да дәл осылай. Құдай Мәсіхке бағышталған жаңа өмірді, Өзінің жеке мәңгілік өмірін береді. Мұнымен қатар Ол сізге толықтай рухани даму мен өсудің мүмкіндігі мен соған қажеттердің бәрін де береді. Сіз Оның атына сенім артасыз ба? Оны қабылдайсыз ба? Егер солай істесеңіз, сіз рухани қайта туыласыз. Құдай солай дейді. Сіз өз жағыңыздан қажеттерді істеміз, ал Ол Өзінің істейтіндерін тез орындайды.

ӨМІРГЕ АПАРАТЫН КӨПІР

Киелі кітап Құдай барлық адамдарды сүйеді, олардың Өзін білгенін қалайды дейді.

Алайда адам Құдайдан және Оның сүйіспеншілігінен ажыраған.

«Жүректері Менен тым алшақ» (Мат 15:8).

Адам неліктен Құдайдан және Оның сүйіспеншілігінен ажыраған?

Өйткені адам Құдайға қарсы күнә жасады. «Қайта, өздеріңнің әділетсіз істерің Құдай мен араларыңды ажыратып келеді! Жасаған күнәларың Оның бетін сендерден бұрып әкетеді. Сондықтан да Құдай Ие мінажаттарыңа құлақ салмайды» (Иш 59:2).

КҮНӘ

адамды

ажыратады

«Бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды» (Рим 3:23).

(Сондай-ақ мына аяттарды да қараңыз: Жоханның 1-хаты 1:10; Римдіктерге арн. хат 3:10-20; Ғалаттықтарға арн. хат 5:19-21)

**КҮНӘ
ӨЛІМ
әкеледі**

СОТТАЛУ

Осы ажырау неге әкеледі?

Бұл ажырау тек өлім мен мәңгілік сотталуға әкеледі: «Күнәнің беретіні (мәңгілік) өлім» (Рим 6:23).

«Құдай адамның бір рет өліп, содан соң қиямет сотының алдында тұратынын белгілеген» (Евр 9:27).

«Тәнді өлтірсе де, жанды өлтіре алмайтындардан қорықпандар! Одан гөрі жанды да, тәнді де, тозақта құрта алатын Құдайдан қорқып, Оны терең қастерлеңдер!» (Мат 10:28).

(Сондай-ақ мына аяттарды да қараңыз: Лұқа 16:19-31; Аян 20:11-15)

Алайда шығатын жол бар!

Ешқандай күнәсі жоқ Мәсіх Иса біздің барлық күнәларымызды өз мойнына алып, айқыш ағашта жанын құрбан етті. Ол Құдайға апаратын бірден-бір жалғыз жол.

«Құдай біреу-ақ, Құдай мен адамдар арасын Келістіруші де Біреу, Ол адам болып дүниеге келген Иса Мәсіх» (Тім1 2:5).

«Мәсіх те әділ бола тұра, әділетсіздер үшін азап шекті. Ол бізді Құдаймен табыстыру үшін күнәларымызға бола біржола құрбан болды» (Пет1 3:18).

(Сондай-ақ мына аяттарды да қараңыз: Римдіктерге арн. хат 5:8-9; Қорынттықтарға 1-хат 15:3-4; Қорынттықтарға 2-хат 5:21)

АДАМ

МӘСІХ

ҚҰДАЙ

Бұл әрбір адамға қатысты ма?

Иә! Тек Мәсіх Исаны өз өміріне қабылдап Оған күнәларды кешіруді сеніп тапсырған адам ғана адам мен Құдайды ажыратып тұрған шыңыраудан өте алады. Мәсіх Иса өмірге апаратын жол.

«Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті» (Жох 1:12).

(Сондай-ақ мына аяттарды да қараңыз: Жохан жазған Ізгі хабар 3:16-18,14:6)

**Тек Мәсіхті өміріңізге қабылдауыңыз арқылы
ғана Сіз күнәнің шыңырауынан аман өтесіз.**

АДАМ

МӘСІХ

ҚҰДАЙ

Иса былай деді:

«Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады» (Аян 3:20).

Құдай Өзінің Киелі кітабында былай деп уәде береді:
«Әкем қарамағыма берген адамдардың барлығы Маған келеді, ал Мен Өзіме келгендерді ешқашан қуып жібермеймін» (Жох 6:32).

(Сондай-ақ мына аятты да қараңыз: Елшілердің істері 4:12)

Мәсіх Исаны өміріне қабылдау жайлы әркім жеке өзі шешім қабылдауға тиіс.

Құдайдың рухани баласы болу үшін шын жүректен былайша дұға етіңіз:

Қымбатты Құдай!

Мен Сенің алдыңда күнәкармын. Мен Сенің Киелі заңдарың мен өсиеттеріңді сақтамадым.

Өзіңнің ешбір кінәратсыз рухани Ұлың Исаны менің орныма өліп, күнәларымның төлемін өтеуге осы дүниеге жібергенің үшін рақмет.

Мен Иеміз Исаны өзімнің Құтқарушым деп қабылдаймын. Ием Иса, Сенен өтінемін, менің өміріме енші.

Сенің көмегіңмен күнәларымнан бас тартып, Сен үшін өмір сүретін боламын. Құтқарылу сыйлығың үшін Саған рақмет.

Мәсіх Исаның атымен сұраймын.

Аумин.

Киелі кітап егер сіз қазір Мәсіх Исаны өз өміріңізге шақырған болсаңыз, онда мәңгілік өмірге ие болдыңыз дейді.

«Бұл куәліктің мәнісі мынадай: Құдай бізге мәңгілік өмір сыйлады. Осы өмір Оның рухани Ұлында: Құдайдың рухани Ұлымен байланысы бар адам шынайы өмірге ие, ал Онымен байланысы жоқта шынайы өмір де жоқ» (Жох1 5:11-13).